

УЛАНУ ТҮРЛЕРІ

Орындаған: Болатбек М.

Улы заттардың жіктелуі.

- Жалпы барлық уытты заттар осы заманғы жіктеу бойынша үлкен 2 топқа бөлінеді: 1. Эндогендік улар - әртүрлі патологиялық құбылыстар кезінде ағзаның өзінде пайда болатын улар (нитрат, нитрит, индол, скатол т.б.).
- 2. Экзогенді улар - ағзаға сыртқы ортадан келетін уытты заттар.. Әдетте эндогендік улардың токсикологияға жанама ғана қатысы бар, сондықтан, экзогенді улар негізгі зерттеу нысандары болып табылады.



Экзогендік улы заттар

- Экзогендік улы заттар өз кезегінде мынадай түрлерге бөлінеді:
 - минерал тектес,
 - өсімдік тектес,
 - органикалық,
 - бейорганикалық және жануар тектес уытты заттар.
Минерал тектес уытты заттарға: ауыр металл тұздарын жатқызамыз.
- Органикалық уытты заттарға : пестицидтер, органикалық қышқылдар т.б. жатады.
- Өсімдік тектес уытты заттарға: алколойдтар, гликозидтер, сапониндер, эфир майларын жатқызуға болады.
- Жануар тектес уытты заттарға : жылан, балық, өрмекші және әртүрлі буынаяқтылар уы, бактерия, вирус және басқада микроорганизмдердің токсиндері жатады

Улы саңырауқұлақтармен улану.

Улы саңырауқұлақтардың улылық дәрежесі әртүрлі; алайда адам үшін қауіптілері бозғылт арамқұлақ, шыбынжұт, алдама томарқұлақ пен тілікқұлақ.



Алғашқы көмек. Асқазанды сумен, әлсіз (қызғылтым) марганец қышқылды калий ерітіндісімен шаю қажет. Бұны зондтың көмегімен немесе күштеп құсу әдісімен жасауға болады, бұдан кейін айдағыш (зығыр майы және тұзды айдағыш) береді, бірнеше рет тазалағыш клизманы қояды. Бұдан кейін сырқатты жылы қымтап, қыздырғыш қойған соң ыстық тәтті шай, кофе берген жөн. Емдеу мекемесіне жеткізу қажет.

у л а н у



Өсімдік уларымен улану. Өкілдері: цикута, аконит.



Алғашқы көмек: Асқазанды шайған соң активтелген көмірді, танинды және тұздық айдағышты ішу қажет. Емдеу мекемесіне жеткізу қажет.

Тамақтан улану.

Сапасыз (инфекцияланған) мал өнімдерінен жасалған тағамдарды қабылдаған кезде улану пайда болады. Улануды осы тағамдардағы микробтар мен олардың тіршілік өнімдері токсиндер туғызады. Ет пен балық хайуанаттардың тірі кезінде улы болу мүмкін, алайда бұл көп жағдайда тамақты даярлау барысында және тамақ өнімдерін дұрыс сақтамаудан пайда болады. Тамақтан улану кенеттен пайда болуымен және өте қысқа инкубациялық үзіліспен сипатталады.



Алғашқы көмек – асқазанды әлсіз сода ерітіндісімен, марганец қышқыл калиймен шаю, айдағыш тазартқыш клизма беру көп ыстық су ішкізу.

Хайуанаттардың уымен улану: Жыланның шағуы.


Жыланның шағуының әкелер зардабы да өте ауыр. Жыланның шағуынан зардап шегуші жағдайының ауырлығы оның түріне байланысты. Қазақстанда сұр жылан, оқ жылан, сарыбас жылан кездеседі.



Алғашқы көмек

.Шаққан жердің уын ауызбен жедел сорып тастау керек. Мұны зардап шегушінің өзі немесе оның серіктерінің бірі жасай алады. Ауыз қуысында жара болмау керек, өйткені у солар арқылы қанға түсуі мүмкін. Егер уды өз уақытында сорып тастаса, зардап шегушінің улану деңгейі әлсіреп, жылдам сауыға бастайды.

Шаяндардың шағуы. Шаяндардын шағуы Қазақстанның оңтүстік аудандарында жиі кездеседі.



Алғашқы көмек:

шаққан жерге кез-келген өсімдік майын жағу; шаққан жерге ыстық қыздырғыш кою; анальгин мен антигистаминдік дәрі-дәрмектер ішу (супрастин, димедрол, пипольфен); зардап шегушінің жағдайын кәсіби бағалау және соған байланысты сырқатты жазу мен жалпы улануды емдеу шараларын таңдау қажеттігінен жедел дәрігер шақыру.

Аммиакпен улану

Аммиакпен уланған кездегі алғашқы белгілері: басында уланған адам ауырады, содан соң көзі ашиды, көзінен жас ағып қабағын көтере алмайды, қатты құрғақ жөтел пайда болады. Содан соң дауыс қырылдап, кеуде тұс, асқазан ауырады. Бас айналады, ауыз қуысы күлдіреді (күйеді). Аммиактың әсерін тоқтатпаса 2-3 сағаттан кейін өкпе суға толып кетуі мүмкін.

- Аммиакпен уланған кездегі алғашқы белгілері: басында уланған адам ауырады, содан соң көзі ашиды, көзінен жас ағып қабағын көтере алмайды, қатты құрғақ жөтел пайда болады. Содан соң дауыс қырылдап, кеуде тұс, асқазан ауырады. Бас айналады, ауыз қуысы күлдіреді (күйеді). Аммиактың әсерін тоқтатпаса 2-3 сағаттан кейін өкпе суға толып кетуі мүмкін.
- Алғашқы медициналық көмек: зардап шегушіні тез арада улы аймақтан жатқызып шығару керек.
- - сірке қышқылының 5%-ды ертіндісін иіскету керек;
- - уланған адамға респиратор кигізу немесе кез-келген қышқылдың (бор, сірке, лимон) 5%-ды ертіндісіне шыланған мақта-мата таңғышты таңу керек;
- - у сіңірген киімді таза киімге ауыстыр және зардап шеккен адамды қараңғыланған орынға жатқыз;
- - қышқылдың (бор, сірке, лимон) 2%-ды ертіндісімен көзді 10-15 минут бойы аммиактың иісі кеткенге дейін жуады, содан соң альбуцид ертіндісін көзге тамызу керек, өйткені көздің шырышты қабатына жұқпа түсу қаупі бар;
- - осылай қышқылдың әлсіз ертіндісімен бет, қол, аяқтың тері қабатын жуу керек;
- - осындай ертіндімен ол адамның аузын шайдыртып, мұрынына зәйтүн (шабдалы, күнбағыс) майын тамыз;

Хлормен

уланған кездегі алғашқы белгілері: зардап шеккен адам көздің қарығуына және көзден жас ағуына шағымданады. Алғашында оны құрғақ, қоздыратын жөтел қинайды содан соң, кеуде тұсы ауырады. Ол тез арада қобалжып, үрей пайда болады. Егер хлордың әсерін тоқтатпаса, 2-3 сағаттан кейін өкпе ісінеді.

- Алғашқы медициналық көмек: егер дем алу бұзылмаса, зардап шеккен адамға респиратор немесе ас содасын 2% ерітіндісіне немесе зәрге шыланған мақта-дәке таңғышты тағу керек.
- - зардап шеккендерді зақымдалған аймақтан тұрғын үйдің жоғары қабаттарынан жатқызған күйде шығару керек;
- - зақымдалған киімді таза киімге ауыстыру;
- - көзді ас содасының 2%-ды ерітіндісімен 10-15 минут бойы хлордың иісі кеткенге дейін шаю керек. Көзге вазелин майын тамызу қажет;
- - зардап шеккен адамдарды ас содасының 2%-ды ерітіндісімен аузын шайғызу керек;
- - ол адамға сүт немесе сілті минералды су беру қажет;
- - егер зардап шеккен адамның улы заттың жоғары қанықпасы ыар ауаны жұтқанның нәтижесінде дем алуы тоқтап, ұйқы артериясында тамыр соқпауы білінсе, онда алғашында сол орында ауыздан-ауызға дем алу және жанама массаж жасау арқылы дем алу мен жүрек қызметін қалпына келтір.